

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын және газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру, сондай-ақ техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын және газды қаруды құқық қорғау органдарына беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 1145 қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын және газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру, сондай-ақ техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды ұңғысыз атыс қаруын және қаруды құқық қорғау органдарына беру қағидалары **б е к і т і л с і н .**

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

2. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

№

бекітілген

Қ а з а қ с т а н

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

2 9

қ а у л ы с ы м е н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

қ а з а н д а ғ ы

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын және газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру, сондай-ақ техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын және газды қаруды құқық қорғау органдарына беру қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын және газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру, сондай-ақ техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын және газды қаруды құқық қорғау органдарына беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын және газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру, сондай-ақ техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын және газды қаруды құқық қорғау органдарына беру тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы с ы м е н .

2. Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұнғысыз атыс қаруын, газды қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыруға жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру осы мақсаттар үшін көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Қару иесі Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттерінде, қалалық, аудандық ішкі істер органдарында азаматтық қару иесі ретінде есепте тұрса және қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаты болса, қару

тіркелген

болып

есептеледі.

4. Жеке тұлғалар ерікті түрде тапсыратын жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар тіркелген ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды қабылдау 2016 жылғы 1 қантарға дейін жүзеге асырылады.

2. Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыру тәртібі

5. Өзіне заңды негізде және ішкі істер органдарында тіркелген жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыру үшін жеке тұлға не сенімхат бойынша оның өкілі қару тіркелген орны бойынша Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттеріне, қалалық, аудандық ішкі істер органына жүгінеді және мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыру туралы ө т і н і ш т і ;

2) қаруды сақтау және алып жүру құқығына берілген рұқсаттың түпнұсқасын;

3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер және (немесе) ұйымдарда ашылған банк есепшоты нөмірі туралы мәліметті;

5) сенімхат - осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген тәртіппен өтінішті және қажетті құжаттарды өкіл тапсырған жағдайда ұсынады.

Егер қару иесі қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік айыппұлдың төленгені туралы түбіртек ұ с ы н ы л а д ы .

6. Қару иесі қаруды тапсыра алмаған жағдайда (ұзақ іссапар, сырқаттану), іссапарға кеткенін растайтын тиісті құжаттар, медициналық мекеменің анықтамасы, қаруды ішкі істер органдарына тапсыру және ақшалай сыйақыны алу құқығына нотариатта бекітілген сенімхат болған кезде, қару өкіл арқылы тапсырылады.

7. Ерікті түрде өтеулі тапсыру туралы өтініш ішкі істер органдарында берілген күні т і р к е л е д і .

8. Ерікті түрде сыйақы үшін тапсырылатын қаруды осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген өтінішпен және құжаттармен бірге қару иесінің қатысуымен оның жай-күйі және көзге көрінетін ақаулары көрсетілетін қаруды қабылдау актісін толтыра отырып, ішкі істер органының кезекшісі қабылдайды. Акті екі данада толтырылады - біреуі ішкі істер органдарында қалады, екіншісі - қару иесіне беріледі.

9. Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды

қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыру туралы өтінішті қарау мерзімі - ол тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде.

10. Өтініш, қоса берілетін құжаттар және қару бір жұмыс күні ішінде қарудың техникалық жай-күйін айқындау және жеке тұлғаларға тапсырылған қару үшін төлем белгілеу жөніндегі Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының жанынан арнайы құрылған комиссияларға (бұдан әрі - комиссиялар) беріледі.

11. Комиссиялардың құрамдары Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттері бастықтарының бұйрықтарымен бекітіледі және тыл және қаржылық қамтамасыз ету, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелердің, криминалдық полиция, өзіндік қауіпсіздік, жедел-криминалистикалық және ақпараттық-талдамалық қызметтердің қызметкерлерінен тұрады.

12. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық ішкі істер органдары бастығының орынбасары комиссия төрағасы болып тағайындалады.

13. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшенің қызметкері комиссия хатшысы болып тағайындалады, ол комиссияның отырысын ұйымдастырады.

14. Жеке тұлғалар ерікті түрде сыйақы үшін тапсыратын қаруды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Интеграцияланған деректер банкі (бұдан әрі - ҚР ІІМ ИДБ) «Криминалдық қару» және «Тіркелген қару» есептері бойынша ақпараттық-талдау орталығының қызметкері тексереді.

Қаруды тексеру мерзімі - сұрату түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде.

Егер тапсырылатын қару ҚР ІІМ ИДБ «Тіркелген қару» есебінде тұрмаса, ішкі істер органдары есепке қойылмау себептерін және ұсынылған қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттың түпнұсқасын белгілеу үшін тексеріс жүргізеді.

15. Тапсырылған қару жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз, газды қару атыс қаруы болып табылатыны, сондай-ақ қарудың жарақат салатын патронмен атуға жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы криминалист-маманның қорытындысын алу үшін Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөлімшелеріне жіберіледі.

Сараптаманы жүргізу мерзімі - қару келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.

16. Комиссия хатшысы жеке тұлғаның қаруды ерікті түрде тапсыру туралы өтініші негізінде мынадай құжаттардан:

1) қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыру туралы өтініштен;

2) тапсырылған қару жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруы, газды қару болып табылатыны, сондай-ақ қарудың жарақат салатын патронмен атуға жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы криминалист-маманның қорытындысынан;

3) ҚР ІІМ БДБ «Криминалдық қару» және «Тіркелген қару» есептері бойынша тексеру туралы материалдардан;

4) қару иесінің қолы қойылған қаруды қабылдау актісінен;

5) қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаттан;

6) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесінен;

7) осы Қағидалардың 6-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, айыппұлдың төленгені туралы түбіртектен;

8) сенімхаттан тұратын «Қаруды ерікті түрде өтеулі тапсыру туралы істі» (бұдан әрі - іс) қалыптастырады.

Ескертпе. Талап етілетін құжаттар 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін ұсынылмаған жағдайда, тапсырылған қару үшін ақшалай сыйақы төленбейді.

17. Комиссия ұсынылған материалдарды қарайды, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ерікті түрде тапсырылған қарудың санатын, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ерікті түрде тапсырылған қару үшін сыйақылар мөлшерін айқындайды.

Криминалист-маманның қорытындысы және қаруды қабылдау актісі тапсырылатын қарудың санатын айқындау үшін негіздер болып табылады.

18. Қаруды тапсырған жеке тұлғаларға мынадай төлем белгіленеді:

1) 1-санатқа жатқызылған қару үшін осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген құнының 90 %-ы есебінен жүргізіледі;

2) 2-санатқа жатқызылған қару үшін осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген құнының 70 %-ы есебінен жүргізіледі;

3) 3-санатқа жатқызылған қару үшін осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген құнының 50 %-ы есебінен жүргізіледі.

19. Комиссия қарудың техникалық жай-күйін айқындау, тапсырылған қару үшін жеке тұлғаларға төлем белгілеу немесе ақшалай сыйақыны төлеуден бас тарту туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қорытынды шығарады, оны Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастығы бекітеді және елтаңбалық мөрмен бекітіледі.

20. Төлемді белгілеу кезінде халықтың қаруды өтеулі тапсырғаны үшін шығындарды өтеу үшін ашылған бюджет шотынан аударуды Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің қаржы қызметтері жүзеге асырады.

21. Комиссия хатшысы шешім шығарылғаннан кейін бір жұмыс күнінен

кешіктірмей, ақшалай қаражат төлеу үшін Ішкі істер департаменттерінің қаржылық қамтамасыз ету қызметтеріне мынадай құжаттарды:

1) Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастығы бекіткен, барлық комиссия мүшелері қол қойған тапсырылған қару үшін жеке тұлғаларға төлем белгілеу туралы қ о р ы т ы н д ы н ы ;

2) қаруды тапсырған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерде және (немесе) ұйымдарда ашылған банк есепшоттарының нөмірі туралы мәліметтерді ж і б е р е д і .

22. Жеке тұлға төлем сомасын оның банк шотына ақшалай қаражатты аудару а р қ ы л ы а л а д ы .

23 . Е г е р қ а р у :

1) криминалист-маманның қорытындысы негізінде жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруы, газды қару, оның ішінде қайта жасалған деп т а н ы л м а ғ а н ;

2) ҚР ІМ БДБ «Криминалдық қару» есебінде тұрған;

3) ішкі істер органдарында тіркелген және ҚР ІМ БДБ «Тіркелген қару» есебінде басқа жеке тұлғаның атында тұрған;

4) 2015 жылғы 31 желтоқсаннан кейін ерікті түрде тапсырылған;

5) жеке тұлғаның сыйақы төлеусіз ерікті түрде тапсыру туралы өтініші бойынша т а п с ы р ы л ғ а н ;

6) ішкі істер органдарында қызметтік қару ретінде тіркелген;

7) ішкі істер органдарында тіркелмеген жағдайларда, комиссия ақшалай қаражатты төлеуден бас тарту туралы қорытынды шығарады.

24. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының комиссиялары 3-санатқа жатқызған ерікті түрде өтеулі тапсырылған қару уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жойылуға тиіс.

25. Жеке тұлға осы Қағидаларға 3-қосымшада атауы көзделмеген, тіркелген қаруды ерікті түрде тапсырған кезде комиссия сыйақы мөлшерін көрсетілген қосымшамен бекітілген қарудың атауы бірдей модельдерінің орташа құны бойынша белгілейді.

Осы Қағидаларға 3-қосымшада атауы жоқ қару тапсырылған жағдайда, комиссия оның құнын техникалық сипаттамалары осы Қағидаларға 3-қосымшада атауы көрсетілген қарумен ұқсас қарудың құны бойынша айқындайды.

Ескерту. Қағидалар 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 741 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын және газды қаруды құқық қорғау органдарына беру тәртібі

Ескерту. Қағидалар 3-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Техникалық жағынан ақаусыз және одан әрі пайдалануға жарамды ерікті түрде өтеулі негізде тапсырылған 1-ші және 2-ші санаттағы қаруды беру үшін құқық қорғау органының басшысы Ішкі істер министрінің атына заттай тиесілік нормаларының және өтініш берілген калибрлер негізінде есептелген жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруына және газды қаруға жиынтық қажеттілікті көрсете отырып, жазбаша өтінішхат жолдайды.

27. Құқық қорғау органының өтінішхатын қарау бір ай мерзімде жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша Ішкі істер министрінің бұйрығы шығарылады.

28. Ішкі істер министрінің бұйрығы негізінде қару өтінішхатпен жүгінген құқық қорғау органына ПМ теңгеріміне қабылданбай одан әрі олардың теңгеріміне қою үшін беріледі.

29. Қаруды беру осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген комиссия қорытындысында айқындалған оның атауы, калибрі, нөмірі, шығарылған жылы, сондай-ақ санаты мен құны көрсетіліп, қабылдап алу-беру актісі бойынша жүзеге асырылады.

Қабылдап алу-беру актісіне тапсырушы және қабылдаушы тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары қол қояды, оны тиісті құқық қорғау органдарының басшылары бекітеді.

30. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың, көліктегі ішкі істер департаменттеріне, ПМ білім беру ұйымдарына, мамандандырылған күзет қызметінің аумақтық басқармаларына, ПМ-ге ведомстволық бағынысты басқа да ұйымдарға қаруды беру осы Қағидалардың 26, 27, 28және 29-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Құқық қорғау органдары қажет етпеген қару уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жойылуға жатады.

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың

қаруды ерікті түрде өтеулі негізде
тапсыру қағидаларына
1-қосымша

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды ерікті түрде тапсыру туралы өтініш

_____ (ішкі істер органының толық атауы)
азамат _____
(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты, сәйкестендіру нөмірі)
Сізден _____
(тапсырылатын қарудың атауы, оның маркасы, калибрі, нөмірі)
сыйақы төлеп/төлемей (қажеттісінің асты сызылсын) қабылдауды сұраймын.
Қаруды алып жүруге және сақтауға _____

_____ (рұқсатты берген ішкі істер органы)
берген 201__ жылғы «__» _____ № _____ рұқсатым бар.
Мекенжайы _____
(қару иесінің пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

_____ (колы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)
Толтырылған күні: 2015 жылғы «__» _____
Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру қағидаларына
2-қосымша

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруының, газды қарудың санаттары

1. 1-санаттағы жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруына, газды қаруға:
- 1) пайдалануда болмаған және техникалық ақаулықтары жоқ қару;
 - 2) бұрын пайдалануда болған, бірақ көрінетін немесе жасырын ақаулықтары жоқ,

тауарлық түрін жоймаған қару жатады.

2. 2-санаттағы жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруына, газды қаруға пайдалануда болмаған не пайдаланылған, одан әрі пайдалануға кедергі келтірмейтін, оларды жоюды не тораптарын және тетіктерін ауыстыруға немесе қалпына келтіруге байланысты емес жөндеу арқылы жоюды талап етпейтін жекелеген техникалық ақаулықтары немесе тауарлық түрінің ақаулары бар қару жатады.

3. 3-санаттағы жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруына, газды қаруға негізгі тораптарының, тетіктерінің, бөлшектерінің техникалық ақаулықтары болуы салдарынан одан әрі пайдалануға жарамсыз немесе пайдалануға қауіпті, оларды жөндеу, қалпына келтіру немесе ауыстыру техникалық немесе экономикалық себептер бойынша орынсыз болатын қару жатады.

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру қағидаларына
3-қосымша

Ерікті түрде тапсырылған қару үшін сыйақылар мөлшері

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 741 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Қарудың атауы	Құны
1	2	3
1	Record mod Chief cal ME 380 GUM	53200 теңге
2	Reckmod Cobra	40500 теңге
3	Reckmod 60	41400 теңге
4	blow compact 9 mm PA black тапаншасы	52800 теңге
5	blow compact 9 mm PA fume тапаншасы	57600 теңге
6	blow compact 9 mm PA satin тапаншасы	57600 теңге
7	F92 9 mm PA black тапаншасы	57600 теңге
8	F92 9 mm PA fume тапаншасы	62400 теңге
9	F92 9 mm PA satin тапаншасы	62400 теңге
10	mini 9 mm PA black тапаншасы	38400 теңге
11	mini 9 mm PA fume тапаншасы	43200 теңге
12	mini 9 mm PA nikel тапаншасы	43200 теңге
13	ТП FIRAT MAGNUM black	57600 теңге

14	ТПИ FIRAT MAGNUM Chrome	63600 теңге
15	ТПИ FIRAT MAGNUM fume	63600 теңге
16	ТПИ FIRAT MAGNUM White	63600 теңге
17	ТПИ P 29 black	52800 теңге
18	ТПИ SPECIAL 99 black	52800 теңге
19	ТПИ SPECIAL 99 Chrome	57600 теңге
20	ТПИ SPECIAL 99 Fume	57600 теңге
21	ТПИ SPECIAL 99 White	57600 теңге
22	ТПИ VOLGA black	49200 теңге
23	ТПИ VOLGA Chrome	54000 теңге
24	ТПИ VOLGA Fume	54000 теңге
25	ТПИ VOLGA White	54000 теңге
26	WALTER-P22T	70000 теңге
27	MP-81	87465 теңге
28	MP-79-9 TM.	82950 теңге
29	MP-80-13T	88700 теңге
30	MP-78-9TM	102900 теңге
31	MP-355 RFK 9 mm P.A.	253890 теңге
32	TANFOGLIO FT	88000 теңге
33	STREAMER-1014	57200 теңге
34	ATAK ARMS Mod. Смерч-925	67600 теңге
35	T-96	62400 теңге
36	БЕРКУТ (9 mm P.A.)	95700 теңге
37	MAUSER HSC Мод. 90T NICKEL (кал. 10x22T) (7 зарядты) #1075608	70200 теңге
38	ШАРК (кал. 9mm P.A.) (6 зарядты)	57200 теңге
39	ZVI Mod. WASP DP04 711	112350 теңге
40	ZVI Mod. WASP DP04 703	111300 теңге
41	ZVI Mod. WASP DP04 706	126000 теңге
42	РОЕНМ Мод. 88T BLACK (кал. 10x22T) (7 зарядты) #1059974	44200 теңге
43	РОЕНМ Мод. 88T NICKEL (кал. 10x22T) (7 зарядты) #1075607	53300 теңге
44	ФАНТОМ (кал. 9mm P.A.) (17 зарядты)	72800 теңге
45	ФОРТ 12T, 12TM	105357 теңге
46	ФОРТ-17T (кал: 9mm P.A.)	96428 теңге
47	ФОРТ 17T (кал. 45 rubber)	116071 теңге
48	ФОРТ 12TM (кал. 45 rubber)	111285 теңге
49	ХОРХЕ	147800 теңге
50	RECORD Мод. BLACK MATT (кал.: 380 ME GUM) (6 зарядты) #2509.00.00.01	44300 теңге
51	STEYR Мод. M-A1 (кал. 10x28T) (15 зарядты) қосымша оқжарағы бар	219700 теңге
52	ZVI Мод. WASP DP04 703 (қара) (кал.: 9 мм P.A.) (6 зарядты) (сабы қара пластиктен)	137800 теңге
53	«RECK Mod. 60» cal. 380 Me Gum s/n	45000 теңге
54	ChifeSpecialReck Mod-60	78000 теңге
55	STZ Мод. PPT BLACK (кал. 9mm P.A.) (14 зарядты)	78000 теңге

56	GRAND POWER Мод. T10 (қал. 10*22, 15 зарядты) қосымша оқжарағы бар тапаншасы	105600 теңге
57	GRAND POWER Мод. T12 (қал. 10x28T, 15 зарядты) қосымша оқжарағы бар тапаншасы	124690 теңге
58	GRAND POWER Мод. T910 тапаншасы (қал. 10*22T, 15 зарядты) қосымша оқжарағы бар	123500 теңге
59	RAND POWER Мод. T910 тапаншасы (қал. 9мм P.A. 15 зарядты) қосымша оқжарағы бар	99750 теңге
60	Shark (9мм P.A) 6 зарядты тапаншасы	50600 теңге
61	газды FratelliTanfoglio FT 9мм PA S.A. тапаншасы қал. 9 мм	88000 теңге
62	Mofl.STREAMER-1014 Matte CHROME (9мм P.A.) (сабы қара пластиктен) тапаншасы	50600 теңге
63	ATAK ARMS MoaSTREAMER-1014 TITAN (9мм P.A.) тапаншасы	50600 теңге
64	ATAK ARMS Мод.Т-96 BLACK (.380ME GUM) 6 зарядты сабы қоңыр револьвері	55200 теңге
65	ATAK ARMS Мод.Т-96 BLACK (.380ME GUM) 6 зарядты сабы қара револьвері	69000 теңге
66	ATAK ARMS Мод.Т-96 CHROME (.380ME GUM) 6 зарядты сабы қоңыр револьвері	55200 теңге
67	ATAK ARMS Мод.Т-96 CHROME (.380ME GUM) 6 зарядты сабы қара револьвері	55200 теңге
68	ATAK ARMS Мод.Т-96 MATTE CHROME (.380ME GUM) сабы қоңыр револьвері	55200 теңге
69	ATAK ARMS Мод.Т-96 MATTE CHROME (.380ME GUM) револьвері (сабы қара пластиктен)	55200 теңге
70	ATAK ARMS Мод.Т-96 TITAN (.380ME GUM) револьвері 6 зарядты, қапталған қоңыр сапты	55200 теңге
71	ATAK ARMS Мод.Т-96 TITAN (.380ME GUM) 6 зарядты қара револьвері	55200 теңге
	Ұңғысыз атыс қаруы	
72	Ұңғысыз тапанша («ОСА» кешені) Мод. ПБ-4-1, қал. 18x45	44200 теңге
73	Ұңғысыз тапанша («ОСА» кешені) Мод. ПБ-4-1, қал. 18x45 (лазерлік нысана көрсетіші жоқ)	44200 теңге
74	Ұңғысыз тапанша («ОСА» кешені) Мод. ПБ-4-ШЛ, қал. 18x45	46500 теңге
75	Ұңғысыз тапанша («ЭГИДА» кешені) Мод. ПБ-2NEW, қал. 18x45	46500 теңге
76	Ұңғысыз тапанша («ЭГИДА» кешені) Мод. ПБ-2, қал. 18x45	54600 теңге
77	Ұңғысыз тапанша «Стражник» Мод. МР-461, қал. 18x45	29520 теңге
78	Ұңғысыз тапанша «Лидер», қал. 10x32 (6 зарядты)	96900 теңге
79	«ROHM RG 88», 10x22T	32100
80	«Форт-9Т», Рубер 9 мм	221250
81	«ФОРТ-10Т», 9 мм	180000
82	«ФОРТ-14Т», 9 мм	142143
83	«ФОРТ-18Т», 9 мм	126785
84	«ФОРТ-18Р», 9 мм	126785
85	«SHARK» Шарк-906, 9 мм P.A.	57200
86	«ПМ-ГТ», 9 мм	99000
87	«ФОРТ-14ТМ», 9 мм P.A	142142
88	«ФОРТ-14ТР», 9 мм	142142
89	«Blow mini» Black, 9 мм	38400
90	«Blow mini» Nikel, 9 мм	43200
91	«Blow mini» Fume, 9 мм	43200
92	«ALFA» 9120, 9 мм P.A. Rubber 291921 револьвері	93350
93	«ALFA» 9130, 9 мм P.A. Rubber 291922 револьвері	61400
94	«ALFA STANILESS» 9120, 9 мм P.A..Rubber 191925 револьвері	104200

95	«ALFA STANILESS» 9130.3, 9 мм P.A..Rubber 191926 револьвері	107970
96	«ALFA STANILESS» 9141.3, 9 мм P.A..Rubber 191945 револьвері	114300
97	«ALFA STANILESS» 9120, 9 мм P.A..Rubber 191920 револьвері	91000
98	«ALFA STANILESS» 9130, 9 мм P.A..Rubber 191921 револьвері	98000
99	«ALFA STANILESS» 9141, 9 мм P.A..Rubber 191922 револьвері	99600
100	«Mod. «Cief f Cal.380ME Gum»380 ME Gum револьвері	55200
101	ME 38 Compact, 9 мм	35000
102	Walther PPT 10x22 мм	69000
103	ROHM RG-59, 9 мм	32100
104	ROHM RG-89, 9 мм	32100
105	ZVI-WASP-R	139100
106	Carl-Walther PP, 10mm	70000
107	«ОСА» кешені, «ПБ-4»	44200
108	«ОСА» кешені, «ПБ-4М»	46500
109	EKOL FIRAT MAGNUM	52000
110	ПДТ-9Т «ЕСАУЛ»	124950

Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының тиісті рұқсаты бар жеке тұлғалардың қаруды ерікті түрде өтеулі негізде тапсыру қағидаларына

4-қосымша

« Б Е К І Т Е М І Н »

Ішкі істер органының бастығы

201 ____ ЖЫЛҒЫ « »

Қарудың техникалық жай-күйін айқындау, тапсырылған қару үшін жеке тұлғаларға төлем белгілеу немесе ақшалай сыйақыны төлеуден бас тарту туралы ҚОРЫТЫНДЫ

Төраға: _____

Комиссия мүшелері: _____

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____ құрамындағы комиссия

_____ тұратын жеке тұлға _____
(үйінің мекенжайы) (Т.А.Ә.)

Қаруды _____
(атауы, маркасы, калибрі, нөмірі, шығарылған жылы)

_____ ерікті түрде тапсыруы туралы
материалдарды карап, олардың техникалық жай-күйін тексеріп, мыналарды
БЕЛГІЛЕДІ:

Азамат тапсырған _____
(Т.А.Ә.)

_____ қаруға Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 20__ жылғы «__» _____ № _____ қаулысының күші
қолданылады, ол _____ санатқа жатады, оны тапсырғаны үшін қаруға
_____ мөлшерінде төлемді жүзеге асыру қажет.
М ы н а д а й _____ с е б е п т е р _____ б о й ы н ш а

тапсырылған қаруға _____
(атауы, маркасы, калибрі, нөмірі, шығарылған жылы)

жоғарыда көрсетілген қаулының күші қолданылмайды
Төлеуге жататын жиыны: _____
(с о м а с ы ж а з у м е н)

Комиссия төрағасы _____
Комиссия мүшелері _____

_____ 201__ жылғы «__» _____
Ескертпе: Қорытындының бірінші данасы ішкі істер
департаменттерінің қаржылық қамтамасыз ету қызметіне жіберіледі,
екінші данасы комиссияның хатшысында сақталатын іске тігіледі.